

Кайыров Асан Бакиевич^{*1},

филология ғылымының кандидаты, доцент, қауымдастырылған профессор, «Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті» ЖЖКББМ, Қазақстан Республикасы, 090006, Орал қ., Н.Назарбаев даңғылы, 194,
assan.kairov@mail.ru, ORCID ID: 0009-0000-0657-6770

СӨЙЛЕМДІ МОДЕЛЬДЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа. Мақалада сөйлемді модельдеудің теориялық мәселелері қарастырылған. Соның ішінде, сөйлемнің мағыналық жағының орыс және түркі тіл білімінде зерттелуіне шолу жасалып, сөйлемнің құрылымдық-мағыналық моделі, сөйлемнің мағыналық бөлшектері сипатталады. Нәтижесінде, "жай сөйлемнің құрылымдық-мағыналық моделі" деген терминнің өзі бірнеше сатыға бөлініп қаралады. Қазақ тілінде сөйлемнің құрылысы мен мағынасын жүйелі зерттеу үшін жай сөйлемнің моделі екі сатыға бөлініп қарастырылды. Алдымен, субъект мен предикаттан тұратын қарапайым, негізгі сөйлем модельдерінің мағыналық ерекшелігі талданды.

Қазақ тіліндегі жай сөйлем модельдері кіші құрылымдық модель мен кеңейтілген құрылымдық модельге бөлініп, олардың өзіндік ерекшелігі баяндалады. Кіші құрылымдық модельге жататын екі құрамды етістікті сөйлемдер хабар беру мазмұнына қарай хабар беру мазмұны толық және хабар беру мазмұны толық емес екі құрамды сөйлемдерге ажыратылып, олардың құрылымдық-мағыналық ерекшелігі латын әріптерімен формула түрінде белгіленіп, нақты мысалдармен салыстырыла сипатталады. Одан әрі жай сөйлемнің кіші құрылымдық моделінің міндетті бөлшектермен толықтырылуы мен олардың ролі туралы сөз болады. Сонымен қатар сөйлем моделінің предикат, субъект, объект тәрізді мағыналық бөлшектері, олардың сөйлемнің мағынасын білдірудегі қызметі баяндалады.

Кілт сөздер. Сөйлем, сөйлемнің мағынасы, сөйлем моделі, құрылымдық модель, құрылымдық-мағыналық модель, сөйлемнің құрылымдық бөлшектері, сөйлемнің мағыналық бөлшектері, предикат, субъект, объект.

Кіріспе. Синтаксистің зерттеу объектісі болып табылатын сөйлемнің синтаксистік құрылысы мен мағынасы қазіргі тіл білімінде теориялық жағынан түрліше сипатталады. Жалпы, синтаксистің негізгі бірлігі ретінде сөйлем өзінің тұлғалық және мағыналық құрылысы бар грамматикалық категория болып есептеледі. Сондықтан тілдік белгінің екі жағы ретінде құрылым мен мағына сөйлемді сипаттауда және оның қолданылуында біртұтас, бөлінбейтін бірлікте қаралады. Сөйлемнің әрі коммуникативтік, әрі номинативтік бірлік ретіндегі күрделілік сипаты оны тұтас бір семантика-синтаксистік, коммуникативтік-грамматикалық және құрылымдық жақтарының өзара түйісуінің, ұштасуының орталығы етеді. Осымен байланысты сөйлемді оның ең кіші құрылымын негізге ала отырып құрылым мен мағынаның бірлігінен тұратын модель түрінде сипаттау және формуламен белгілеу синтаксистегі маңызды мәселенің біріне айналды. Өйткені сөйлемдерді модель түрінде сипаттау жай сөйлемнің тұлғалық және мағыналық құрылысын анық бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

Зерттеу материалы мен әдістері. Жұмыста ғылыми талдауға әдеби тіл нормасына жататын жай сөйлемдер зерттелді. Зерттеу материалы ретінде қазақ жазушыларының көркем және публицистикалық шығармаларынан алынған жай сөйлемдер талданды.

Жұмыста жай сөйлем синтаксисі бойынша ғалымдардың пікірлері негізге алынып, негізінен, сипаттама әдісі қолданылды. Сонымен қатар компоненттік талдау, қажет мәліметтерді саралау, модельдеу әдістері пайдаланылды.

Нәтижелер мен оларды талқылау. Мақалада жай сөйлемді сипаттаудың жаңа түрі ұсынылады. Ол - сөйлемнің құрылысы мен мағынасы жағынан өзара байланысты тілдік бірлік екенін танып, оны біртұтас қарастыру. Өйткені сөйлем дегеніміздің өзі тұлға мен мазмұнның бірлігінен құралған күрделі тілдік құбылыс болып табылады. Ал қазақ тілінде сөйлемдер көбіне тұлғалық деңгейде зерттеліп, оның мағыналық жағы ескерілмей келді.

Осымен байланысты жұмыста қазіргі синтаксис ғылымының негізгі ұғымдарының бірі болып табылатын жай сөйлемді модель түрінде сипаттау мәселесі қарастырылды. Жалпы, сөйлемді модельдік сипаттау қазіргі синтаксисте сөйлемді зерттеудегі жаңа тәсілдердің бірі болып есептеледі, әрі бұл ұғым тілдік бірліктердің жалпы және жеке мәндерін ашып көрсетеді. Сондай-ақ модельдік сипаттау жай сөйлемнің құрылымдық-мағыналық түрлерін нақты бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, сөйлемнің мағынасы мен құрылысына қатысты жаңа терминологиялық ұғымдар мен шартты қысқартулар түрі белгіленді. Осыған сәйкес қазіргі семантикалық синтаксистегі құрылымдық модель, валенттілік, сөйлемнің мағыналық құрылысы, предикат, субъект, объект, атрибут, нақтылауыш (конкретизатор) деген мағыналық бөлшектер жүйесі қарастырылып, оларға сипаттама берілді. Аталған мағыналық бөлшектер сапалық қатынастары жағынан бір-бірінен ерекшеленеді. Қазіргі қазақ тіліндегі жай сөйлемдер жүйесінің бір орынды және екі орынды құрылымдық-мағыналық моделі анықталды. Анықталған жай сөйлем модельдерінің тұлғалық және мағыналық құрылысының қалыптасу ерекшелігі көрсетіліп талданды. Оның негізгі орталығы (ядросы) болып саналатын кіші құрылымдық модель мен кеңейтілген құрылымдық модель болып көрсетілді, әрі олардың мағынасы айқындалды. Және кіші құрылымдық модельдің жаңа мағыналық бөлшектер нәтижесінде кеңею тәсілдері қарастырылды. Сонымен, мақалада қазақ тілі материалдары негізінде жай сөйлемдердің құрылысындағы негізгі және қосымша мүшелерді ескере әрі негізгі мүшелерге басым назар аударыла отырып, сөйлемнің құрылымдық-мағыналық ерекшеліктері сипатталды.

Синтаксис ғылымы лингвистикалық пәндер жүйесінде маңызды орын алады. Оның себебі академик В.В.Виноградовтың сөзімен айтқанда, «синтаксис - грамматиканың ұйымдастырушы орталығы» болып саналады. Ал сөйлем тілде танымдық және коммуникативтік қызмет атқаратындықтан, синтаксистің негізгі зерттеу объектісі боып саналады. Бүгінгі таңда лингвистикада сөйлем көп қырлы (аспектілі) құбылыс ретінде қаралады. Қазір сөйлемнің сан алуан қырларының ішінде негізгісі – оны құрылысы мен мағынасы жағынан зерттеу болып отыр. Сөйлемнің құрылымдық және мағыналық жағынан зерттелуі, басқаша айтқанда, семантика-синтаксистік ұйымдасуын зерттеу - түркі тіл білімінің, соның ішінде, қазақ тіл білімінің де алдында тұрған жаңа міндет.

Сөйлемдердің жан-жақты зерттелуіне қарамастан, бұған дейін жай сөйлемдердің құрылымдық-мағыналық моделін жасау мәселесіне аз көңіл аударылды. Түркі тіл білімінде жай сөйлемдердің құрылымдық-мағыналық модельдерін анықтап сипаттауға арналған еңбектер саусақпен санарлық. Бұл салада И.Х.Ахматов, С.Н.Абдуллаев, М.Закиев, А.Т.Тыбыкованың есімдерін ғана атауға болады. Қазақ тілінде бір құрамды сөйлемдердің құрылымдық типтері туралы Ж.Садуақасовтың диссертациясы бар.

Ал екі құрамды жай сөйлемдердің құрылымдық-мағыналық түрлері модель түрінде айқындалған мәселе емес. Сондықтан біз қазақ тіліндегі жай сөйлемдердің құрылымдық-мағыналық модельдерін айқындау үшін ең алдымен, жай сөйлемдердің құрылымдық-

мағыналық моделі дегеніміз не, әрі ол қандай құрылымдық және мағыналық бөлшектерден құралады деген мәселенің басын ашып алуымыз керек.

Жалпы, орыс және түркі тіл біліміндегі сөйлемді модельдік сипаттауға байланысты еңбектерді қарастырған кезде "жай сөйлемнің құрылымдық-мағыналық моделі" деген терминнің өзі бірнеше сатыға бөлініп қаралғаны байқалады. Соңдықтан сөйлемнің құрылысы мен мағынасын жүйелі зерттеу үшін жай сөйлемнің моделін меңгеруді екі сатыға бөлуге болады.

Алдымен, қарапайым, негізгі (ядерные) сөйлем модельдері айқындалып, ой елегінен өткізіледі. Мысалы: 1. *Күн батты.* 2. *Тау аңғары күңгірт тартты.* 3. *Дала сүттей жарық.* 4. *Ауа кәусардай таза.* (М.Ә.). 5. *Жаяу қартайған.* [Жас кезіндегі үзеңгілес жолдастарының бірі жоқ]. (З.А.). 6. *Тәңірберген күрсінді.* [Дүние кезек деген осы]. (Ә.Н.).

Осы берілген қарапайым жай сөйлемдер жанды не жансыз субъектінің іс-қимылын не қалпын, жағдайын білдіре отырып, контекстен тыс, жеке, тәуелсіз, дербес мағыналы сөйлемдер ретінде қолданыла алады. Бұдан кейін осындай сөйлем модельдерінің мағыналық құрылысы мен формула түрінде нақтылануын ескере отырып, оның одан әрі күрделенуі мен мағыналық түрлерін анықтау міндеті қойылады. Сонымен, бірінші кезеңде жай сөйлемнің моделі дегенде, жоғарыда көрсетілгендей құрамдас бөлшектері сөйлемнің бас мүшелеріне сәйкес келетін қандай да бір жалпыланған сөйлем модельдері түсініледі. Ал сөйлемнің қалған мүшелері модельге кірмейді. Сөйтіп, модель ретінде әдетте, жалаң сөйлем деп аталатын сөйлемнің құрамы қаралады. Мысалы: *Талант дегеніміз — адамгершілік. Әңгіме тақырыбы — ұлт мәселесі. Қара кемпір шаршады. [Өз денесін өзі ауырлап жатқысы келді]. Мұстафа тіксініп қалды. [Ағжасан Айкүмістен естігенін түгел айтып салған].* (З.А.). *Жүзбаев күйзеліп отыр. [Стол үстін бір бір қопарып, суырманы ақтарды].* (Ә.К.). *Андрей жанталаса бастады. [Бір аяғы суда]. Еламан күліп жіберді. [Қаниша берекесіз болса да, бала кезден біте қайнаскан өз ортасы]. Тәңірберген тәлтіректен кетті. [Абырой болғанда, қолы ат жалынан айырылмады].* (Ә.Н.).

Көріп отырғанымыздай, берілген сөйлемдер кездейсоқ немесе жасанды үлгілер емес, осыған ұқсас сан-мындаған сөйлемдердің өкілі ретінде танылатын сөйлемдер болып саналады. Және бұл жалпыланған сөйлем модельдерінің өзі зерттеушінің сол сөйлемдерді талдау, саралау, бір-бірімен салыстыру нәтижесінде анықталады. Бұл туралы ғалым М.И.Черемисина мынадай тұжырым жасайды. "Модель — это результат интеллектуальной работы исследователя, т.е. сложившееся в его сознании представление о том, как устроен изучаемый им объект языка, в нашем случае - предложение. В этом представлении обобщенно отображаются существенные признаки многих услышанных и прочитанных, проанализированных исследователем высказываний (фраз), но отображаются преобразенно: реальные высказывания (фразы) некоторого класса не только освобождаются от индивидуальной специфики, обусловленной их лексическим наполнением, но и подвергается упрощению, "очищению" ото всех компонентов, которые не необходимы для того, чтобы описать, обрисовать контур некоторой элементарной типовой ситуации" [1].

Бір ескеретін нәрсе, кейбір зерттеулерде құрамдас бөлшектері сөйлемнің бас мүшелеріне сәйкес келетін мұндай сөйлем модельдері "сөйлемнің құрылымдық моделі" деген терминмен ауыстырылып қолданылады. Және сөйлемнің мұндай құрылымдық моделі ретінде көптеген нақты сөйлеу құрылымдарын (фраз) көрсетуге болатын қандай бір дерексізденген үлгі түсініледі. Мысалы, оның грамматикалық элементтері сөйлемнің бас мүшелері болады. Жай сөйлемнің құрылымдық моделін бұлай түсіну алғаш орыс

ғалымы Н.Ю.Шведованың еңбегінде аталып, одан әрі басқа синтаксистердің зерттеулерінде қолданылған.

Мұндай модельдің құрамы сөйлемнің бас мүшелерінен ғана құралады және грамматикалық шақ, модальділік категорияларымен сипатталады. Сөйтіп, бұл модель грамматикалық мағынасы предикативтілік болып табылатын тұлғалық құрылым ретінде қаралады. Сондықтан құрылымдық модельге басқа бөлшектер, соның ішінде, сөйлемді хабар беру мазмұны жағынан толықтыратын міндетті бөлшектері қосылмайды.

Себебі анықталған ондай сөйлем құрылымдары жеке қатысымдық бірлік және жағдайдың атауы болуға қабілетті нақты сөйлемдер ретінде қаралады.

Жай сөйлемнің құрылымдық-мағыналық моделін мұндай жалаң сөйлемдер моделі ретінде түсіну бір жағынан, жалпы тілдік, екінші жағынан, жеке, қайталанбайтын тілдесімдік бірліктердің айырмашылығын сезуге мүмкіндік береді.

Алайда ғалымдардың барлығы бірдей екі құрамды сөйлемдер үшін жай сөйлемнің құрылымдық моделін бас мүшелердің тіркесуі деген түсінікпен келісе бермейді. Олар сөйлемнің мұндай құрылымдық моделін екіге бөледі:

1. Кіші құрылымдық модель.

2. Кеңейтілген құрылымдық модель.

Кіші құрылымдық модель ретінде сөйлемнің предикативтілік негізі, яғни екі құрамды сөйлемдер үшін сөйлемнің бас мүшелерінің тіркесімі, ал бір құрамды сөйлемнің бас мүшесінің өзі ұсынылады. Бірақ кіші құрылымдық модельдің екі құрамды сөйлемдерге қатынасы бірдей емес. Барлық екі құрамды етістікті сөйлемдердің негізіне бастауыш пен баяндауыштың тіркесімінен құралған бір ғана кіші құрылымдық модель жатады. Сондықтан екі құрамды етістікті сөйлемдер хабар беру мазмұнына қарай екіге бөліп қарастырылады:

а) хабар беру мазмұны толық екі құрамды сөйлемдер.

ә) хабар беру мазмұны толық емес екі құрамды сөйлемдер.

Мұндай етістікті сөйлемдердің хабар беру мазмұнының толық, толық еместігі олардың позициясының лексикалық толықтырылуымен байланысты. Мысалы: *Күз келді. Жапырақтар сарғая бастады.*

Бұл екі сөйлемнің құрылымдық моделі былай белгіленеді: $N1 - V$.

Мұнда $N1$ – субъект мағынасындағы кез келген есім сөз табы, ал V – предикат мағынасындағы етістік. Аталған сөйлемдер етістікті екі құрамды сөйлемнің біріншісіне, яғни кіші құрылымдық модельге жатады. Және контекстен тыс атауыштық қызмет атқарып, хабар беру мазмұны толық сөйлемдер болып табылады.

Ал мұндай тұжырымды келесі сөйлемдерге қатысты айта алмаймыз.

Мысалы: *Мұғалім кірді. Жолаушылар қонып қалды. Балықшылар қорқатын. Құнанбай қымсынып қалды.*

Бұл сөйлемдер атауыштық қызмет атқаруға жарамды, яғни сөйлемге тән толық мазмұнды білдіру үшін, мағыналық жағынан тәуелсіз болуы үшін олар кеңейтілуі қажет. Басқаша айтқанда, олар өз құрамына $N1 - V$ моделінен бөлек міндетті бөлшектерді – сөз тұлғаларды қосуы керек.

Мысалы: *Класқа мұғалім кірді. (Б.Н). Жолаушылар сол көлдің жағасына қонып қалды. (Ғ.М). Балықшылар Федоровтан қорқатын. (Ә.Н). Құнанбай қаланың саудагер, молда, калтесінен қымсынып қалды. (М.Ә).*

Келтірілген сөйлемдердің құрылымдық модельдерін былай беруге болады: $N1 - N3 - V$. $N2/3 - N3 - V$. $N1 - N6 - V$. $N1 - N2/6 - V$. Аталған сөйлемдер тек көрсетілген құрылымдық құрамда ғана атауыштық қызмет атқаруға қабілетті.

Жоғарыда аталған сөйлемдердің екі түрін салыстыру мынаны көрсетеді.

N1 – V кіші құрылымдық моделі кей жағдайда хабар беру мазмұны жағынан толық тұлғалық құрылым ретінде қолданылады. Бұған алғашқы келтірілген сөйлем модельдері дәлел бола алады.

Ал екінші бір жағдайда аталған құрылымдық модель (N1 – V) хабар беру мазмұны жағынан толық құрылым ретінде қолданыла алмайды да, міндетті мағыналық бөлшектермен кеңейтілуді қажет етеді. Бұл жағдайда N1 – V моделі кеңейтілген құрылымдық модельге кіші құрылымдық модель ретінде сәйкес келмеуі мүмкін. Мұны N1 – V моделін N1 – N3 – V, N2/3 – N3 – V, N1 – N6 – V, N1 – N2/6 – V кеңейтілген құрылымдық модельдерімен салыстыра отырып көруге болады. Бұдан мысалға алынған алғашқы сөйлемдердің предикативтік негізі кіші құрылымдық модельге, ал тұлғалық бөлшектері екеуден көп соңғы мысалдағы сөйлемдердің предикативтік негізі кеңейтілген құрылымдық модельге сәйкес келетіні көрінеді. Бұл жағдайда кіші құрылымдық модель мен кеңейтілген құрылымдық модельдің арасында ешқандай сәйкессіздік болмайды, әрі кіші құрылымдық модель кеңейтілген құрылымдық модельге қатынасы жағынан бүтіннің бөлшегі ретінде қаралады. Дегенмен, қазақ тіліндегі етістік-предикатты жай сөйлемдерді қарастыру барысында кіші құрылымдық модельге сәйкес келетін контекстен тыс атауыштық қызмет атқаруға қабілетті сөйлем құрылымдары кеңейтілген құрылымдық модельдегі сөйлемдермен салыстырғанда аз қолданылатыны байқалады. Көп жағдайда кіші құрылымдық модельге сәйкес келетін етістік-предикатты жай сөйлемдер мағыналық жағынан міндетті бөлшектермен толықтырылуды қажет етеді. Ал кіші құрылымдық модельге сәйкес келетін, ешқандай міндетті бөлшектермен толықтырылуды қажет етпейтін, контекстен тыс атауыштық қызмет атқаруға қабілетті етістік-предикатты жай сөйлемдер қазақ тілінде көбіне жанды не жансыз субъектінің психофизиологиялық қалпын, табиғат құбылыстарын бейнелейтін сөйлемдер болып келеді. Мысалы: *Күйші күрсініп қойды. [Қаумалаған ойды үркіткісі келмей, жүрісі өнбей қойған атына қамшы сілтеген жоқ.](Ә.К). Мюлгаузен түтігіп алған. [Үйді ерсілі-қарсылы кезіп жүр.](Ә.Н). Күдері жүдеп кетті. [Құлағында бір ызың келмей де, кетпей де тұрып алды.](Ә.К). Дьяков қалжырады. [Таң алдында столға басын салып, бірер сағат мызғып алды.](Ә.Н). Күн күркіреді. Найзағай жарқылдады. Жауын жауды.*

Жоғарыда айтылғандардан белгілі болғандай, бір-бірімен тұлғасы мен мазмұны жағынан бөлінетін көптеген сөйлемдердің негізіне бір ғана кіші құрылымдық модель жатады. Алайда тек кіші құрылымдық модель ұғымына сүйене отырып және сөйлемнің мағынасын ескермей тілдің синтаксистік жүйесін сипаттау мүмкін емес. Өйткені кіші құрылымдық модель бізді сөйлемнің бір түрінің предикативтілік негізінің тұлғалық құрылымына бағыттайды. Сондықтан сөйлемнің моделін сипаттауда және әрбір құрылымдық-мағыналық модельді классификациялағанда, сөйлемнің предикативтілік негізі ретінде кіші құрылымдық модельді көрсетумен шектелмеу керек. Сондай-ақ талданатын сөйлемнің мағыналық жағы да ескерілуі қажет. Бұл қажеттілік зерттеушіні сөйлемнің кеңейтілген құрылымдық моделі туралы шешімге алып келеді.

Сөйлемнің құрылымдық моделін бұлай ұғыну предикативтік бірлік ретінде сөйлемнің тұлғалық ұйымдасуына ғана емес, сондай-ақ номинативті бірлік ретінде мағыналық ұйымдасуына да назар аудартады. Яғни бір мезгілде сөйлемнің грамматикалық және мазмұндық толықтығы ескеріледі. Бұл жағдайда сөйлемнің құрылымдық моделіне предикативтік орталықты жайылмаландыратын міндетті бөлшектер қосылады. Сөйлемнің бас мүшелеріне негізделген жай сөйлемнің кіші құрылымдық моделінің одан әрі міндетті бөлшектермен толықтырылуы жай сөйлемнің құрылымдық-мағыналық моделінің дамуындағы екінші кезең болып табылады. Сөйлем құрылысын мұндай қажетті міндетті бөлшектермен толықтырудың және оны формуламен белгілеудің мәнісі – бұл элементтерсіз сөйлем ішкі тілдік шындықтың

атауына бағытталған толық хабар беруші бірлік ретінде бола алмайды. Мұндай құрылымдық модельге зерттеуші, әдетте, көптеген нақты айтылымдарды (высказывания) талдай отырып шығады.

Жай сөйлемнің кіші құрылымдық моделінің міндетті бөлшектермен толықтырылуы туралы көптеген лингвистикалық еңбектерде айтылған және бұл туралы пікірлер де түрліше. Негізінен, ғалымдардың пікірлерінің алшақтығы құрылымдық модельдің міндетті бөлшектерін жіктеудің критерийі туралы мәселеден басталады. Мұндай критерий – сөйлемнің құрылымдық моделінің бөлшектерінің міндеттілігі.

Тілдік фактілер сөйлемді ұйымдастыруда оның құрылымдық бөлшектерінің рөлі бірдей еместігін көрсетеді. Олардың кейбірі сөйлемнің құрылысы үшін міндетті, кейбірі - міндетті емес. Алғашқысы өзінің валенттілік мәнімен басқаларын айқындайды, сөйлем құрылысы үшін міндетті болып табылады. Себебі ол сөйлем құрауға негіз болады. Ондай негізгі міндетті атқаратын мағыналық бөлшектер - ең алдымен, предикат пен субъект. Екінші мағыналық бөлшектер сөйлемде белгілі бір қатысымдық (коммуникативтік) мақсатта қолданылады, бірақ сөйлемнің грамматикалық құрылысына ешбір нұқсан келтірместен, оның қалған бөлшектерінің мазмұнына ықпал етпестен түсіп қала алады. Бұдан сөйлемнің құрылымдық бөлшектері сөйлемнің құрылымдық моделін жасауда бірдей роль атқармайтыны көрінеді. Бұл маңызды фактіні анықтау үшін сөйлемнің әрбір бөлшегін, олардың бір-біріне қатынасын ғана емес, сондай-ақ олардың сөйлемнің өзіне қатынасын қарастыру керек.

Мысалы: *Абай корді*. Аталған жалаң сөйлем кіші құрылымдық модельге (N1 – V) сыртқы тұлғасы жағынан сәйкес келеді. Алайда бұл модель сөйлемге тән толық мазмұнды білдіруі үшін тағы бір міндетті бөлшекпен кеңейтілуі қажет. Әдетте, ондай міндетті бөлшек объект мағынасындағы тура толыққауыш болады. Мысалы: *Абай Бөжсейдің пішінін көрді*. Лингвистикалық әдебиеттерде осындай толықтауыш мағынасындағы объектілік бөлшек сөйлемнің мағыналық құрылысында субъектіден кейінгі екінші бір негізгі мағыналық бөлшек ретінде танылады. Бұдан кейін сөйлемді тағы бір мағыналық бөлшек конкретизатормен (нақтылауышпен) толықтыру арқылы сөйлемнің құрылымдық моделін одан әрі кеңейтуге болады. Мысалы: *Абай Бөжсейдің пішінін жаңа ғана корді*. *Абай Бөжсейдің пішінін жаңа ғана жақсылап көрді*.

Бұл жерде сөйлемнің құрылымдық моделін кеңейтуші нақтылауыштар өзінің міндеттілігі жөнінен объектіден кейінгі үшінші дәрежелі мағыналық бөлшек болып саналады. Берілген мысалдан көріп отырғанымыздай, кеңейтілген сөйлем моделінің құрылымдық бөлшектерінің міндеттілігі біріншіден, сол құрылымдық бөлшектердің өзінің дәрежесіне, екіншіден, предикат роліндегі сөздің валенттілік мәніне байланысты. Сол себепті кез келген тілдегі сөйлем модельдерін анықтауда предикаттың валенттілік мәнін есепке алу маңызды деп саналады. Сондықтан соңғы жылдары синтаксистік модельдеу үшін, сөйлемнің құрылымдық-мағыналық моделін жасау үшін валенттілік принципі кең қолданылып отыр.

Етістіктің валенттілік теориясының негізгі ұғымдары алғаш рет Л.Теньердің «Основы структурного синтаксиса» еңбегінде талданған. Осы теорияға сәйкес бастауыш баяндауышқа қатыстылығы жағынан толықтауыш категориясының деңгейінде қаралады және валенттілік позиция ретінде жарияланады. Бұл идея сөз тіркесі мен сөйлем синтаксисі үшін ғана емес, сондай-ақ сөйлемнің мазмұндық құрылысын зерттейтін синтаксистік семантика үшін де маңызды. Л.Теньер етістіктің актанттардың белгілі бір санын меңгеру қабілетін оның валенттілігі деп атайды. Ондай актанттар санын Л.Теньер үшеу деп көрсетеді. Бұнда Л.Теньер актант деген терминді сөйлем құрылысындағы предметтерді бейнелейтін мағыналық мәндер ретінде түсіндіреді. Оның көрсеткен үш актанты қазір сөйлемнің мағыналық құрылысындағы субъект, объект, атрибут деп

аталатын үш мағыналық бөлшекке сәйкес келеді. Одан кейін Л.Теньер етістіктерді валенттілігіне байланысты төрт топқа бөледі де, олардың валенттілік мәндерінің етіс категориясымен байланысты өзгеруінің жалпы тәсілдерін қарастырады.

Сөйлем синтаксисінде Л.Теньер ұсынған бұл етістіктің валенттілік принципі кейін М.Д.Степанова мен Г.Хельбигтің еңбектерінде жалғасын тапты. Етістік баяндауыштың валенттілік мәнінің негізінде авторлар міндетті және қосымша актанттарды анықтайды. Актанттар қатарына бастауыш, толықтауыш, кейбір пысықтауыштық топтар жатады.

Г.Хельбигтің концепциясын қарастыра отырып, О.М.Москальская «валенттілікке сүйену бізді сөйлемнің семантикасына алып келеді» деп көрсетеді. Оның ойынша, "сөйлемнің құрылымдық формуласының бөлшектері етістіктің лексикалық мағынасының сипатына тікелей тәуелді" [2].

Бұдан предикатқа сүйену және сөйлемнің ақпараттық қырын есепке алу бізді семантикалық модель не сөйлемнің семантикалық түрі деп аталатын түсінікке жетелейді. Ал сөйлемнің құрылымдық моделінің мағыналық жағын анықтау оның мағыналық бөлшектерінің құрамына талдау жасау арқылы жүзеге асырылады. Негізінен, мағыналық бөлшектер жүйесіне мыналар жатады: предикат, субъект, объект, атрибут, нақтылаушы (конкретизатор). Бұл мағыналық бөлшектердің сөйлемнің мағынасын білдірудегі ролі әртүрлі. Осылардың ішінен сөйлемнің мағыналық түрін айқындауда басты мағыналық бөлшек - предикат болып саналады. Предикат қандай сөз табынан жасалуына қарай етістік предикат және есім предикат болып екіге бөлінеді. Етістік предикаттың өзі лексикалық мағынасына қарай іштей сараланады. Мысалы, қимыл предикаты, қозғалыс предикаты, ойлау предикаты, сөйлеу предикаты, қабылдау предикаты, т.б.

Предикаттардың мағыналық түрлері сөйлем моделінің мағыналық түрін айқындауға негіз болады. Мысалы: *Жиенқұл Талишынды құшақтады. (М.Б). Өтәлі інісін ұрып жіберді. (Ә.Н).* Осы екі сөйлемнің мағыналық түрін айқындап белгілейтін басты мағыналық бөлшек - қимыл предикаты (құшақтады, ұрып жіберді). Өйткені ол өзінің валенттілік қасиетіне сәйкес қимыл субъектісі мен қимыл бағытталатын объектінің болуын талап етеді. Сонда бұл екі сөйлемнің мағыналық құрылысы қимыл предикаты, қимыл субъектісі және қимыл объектісінен құралады. Ал жалпы сөйлем моделінің мағыналық түрі - объектіге тікелей бағытталған субъектінің қимылын білдіру.

Сонымен, сөйлемнің құрылымы үшін де, мағынасы үшін де басты бөлшектер - субъект пен предикат. Сөйлемнің дәстүрлі синтаксистік құрылысында бұл екі бөлшек бастауыш пен баяндауышқа сәйкес келеді. Ал бұл екі бөлшектің сөйлемде қайсысы негізгі деген мәселе және олардың бір-бірімен қатынасы туралы көзқарастар әртүрлі. Мысалы, татар ғалымы М.З.Закиев бұл мәселе жөнінде мынадай пікір айтады: "Предикативтілік тізбекте бір сөз екінші сөзді өзіне бағындырады. Бағындырушы сөз бастауыш, бағынушы сөз баяндауыш болады, яғни бастауыш баяндауышты өзіне бағындырады. Бұл мынадан көрінеді. Көп жағдайда бастауыш қандай жақтық және де сандық корсеткішті қабылдаса, баяндауыш та сондай форманы қабылдайды" [3].

Ал К.М.Мусаев "бастауышқа баяндауыш және анықтауыш тікелей бағынады, әрі баяндауыш арқылы толықтауыш пен пысықтауыш та бағыныңқы болып табылады", - дейді [4].

М.Балақаев "Сөйлемнің ұйымдастырушы орталығы бастауыш болады. Бірақ сөйлемде баяндауыштың атқаратын синтаксистік қызметі басым. Сондықтан баяндауыш сөйлемнің басты құрылымдық мүшесі болып есептеледі", - деп жазады [5].

Н.А.Баскаков қарақалпақ тілін сипаттай келе былай деп тұжырымдайды: "Қарақалпақ тіліндегі жай сөйлемдерді талдау барысында бастауыш пен баяндауыш сөйлемнің орталық және негізгі мүшелері екеніне көз жеткізуге болады. Бірақ сөйлемде

ерекше мәнге баяндауыш ие болады. Сөйлемнің қалған барлық мүшелерінің элементтері қарақалпақ тілі сөйлемдерінде баяндауышқа шоғырланады" [6].

Ал Н.З.Гаджиева мен Б.Н.Серебренников түркі тілдері сөйлемдерінің құрылысы мәселесі баяндауыштың табиғатымен тығыз байланысты деп санайды.

Түрлі көзқарастарды салыстыру бізге мынаны көрсетеді. Сөйлемнің құрылымдық моделі туралы ұғым етістіктің валенттілігі туралы ұғыммен, яғни белгілі бір дәрежеде сөйлемнің тұтастай мағынасын анықтайтын оның лексикалық мағынасымен бөлінбейтін бірлікте. Демек, сөйлемнің екі бас мүшесінің құрылымдық маңызды және қажетті бөлшегі баяндауыш, яғни предикат мүше болып табылады. Қазақ тілі сөйлемдерінде сөйлемнің бас мүшелерінің, әсіресе, баяндауыштың орны тұрақты болады, яғни баяндауыш соңғы позицияда тұрады. Бұл жағынан қазақ тілі басқа түркі тілдеріне ұқсас. Сөйтіп, сөйлемнің бас мүшелері - бастауыш пен баяндауыш жай сөйлемнің тізбектік құрылысында шеткі позицияларды алады. Ал қалған бөліктерін басқа сөйлем мүшелері - толықтауыш, пысықтауыш, анықтауыш толықтырады.

Сөйлем модельдерінің жасалу тұрғысынан алып қарағанда, сөйлем мүшелері арасында белгілі бір құрылымдық байланыс бар екені сезіледі. Мұнда басты қызметті сөйлемнің міндетті мүшелері - бастауыш пен толықтауышқа орын белгілейтін баяндауыш атқарады. Бастауыш пен тура толықтауыш сөйлем моделін жасауда маңыздылығы жағынан екінші орын алады. Әрі қарай жанама толықтауыш пен пысықтауыштық түрлері орналасады. Тұтастай алғанда, қазақ тілі сөйлемдерінде сөздердің орын тәртібі басқа түркі тілдеріндегідей сөйлем мүшелерінің өзара қатынасы принципіне негізделеді. Баяндауыш синтагматикалық тәуелсіз мүше болып табылатын бастауышпен екі жақты байланысқа түсе отырып, жақтық және сандық көрсеткіштерді қабылдайды. Нәтижесінде өзінің екі шеткі мүшелері - бастауыш пен баяндауыштың грамматикалық тұлғасына қарай сөйлем тұтастай өзгеріске ұшырай алады.

Жалпы, жай сөйлемнің мағыналық құрылысы оның мағыналық бөлшектерінің өзара қатынасымен және ішкі тәуелділігімен сипатталатын белгілі бір тұтастық болып табылады. Сондықтан сөйлемнің мағыналық құрылысының ерекшелігін ашып көрсету үшін оның бөлшектерінің ерекшелігін, оның ұйымдасуын, өзара байланысының сипатын анықтау қажет. Ал ол үшін оның мағыналық бөлшектері қалай қалыптасқанын білу керек. Сөйлемнің мағыналық құрылысының қалыптасуы оның бөлшектерінің қалыптасуы сияқты күрделі құбылыс.

Сонымен бірге сөйлемді мағыналық талдаудың кеңірек тараған түрі – актанттық немесе аргументтік талдау. Бұл екеуі, сондай-ақ олардың негізіне пропозиция ұғымы жататындықтан, кейде пропозициялық талдау деп те аталады. Пропозиция - негізінен, логикалық термин. Қазіргі лингвистикада пропозиция ұғымы берілген ситуацияны атайтын модель ретінде, оны сүйемелдейтін барлық субъективті мағыналардан бөліп қаралған сөйлемнің объективті мазмұны ретінде түсініледі.

Пропозиция ұғымын қолдану сөйлемнің номинативті бірлік ретінде көріну қабілетін білдіреді. "Егер сөз предметті, қимылды, белгіні атаса, сөйлем ситуацияны атайды", — дейді Н.Арутюнова [7].

Пропозицияның құрылысын предикат пен ондағы аргументтер құрайды. Аргументтердің саны предикаттың валенттілігіне байланысты. Мұнда аргумент сөзі мағыналық бөлшектер дегенге балама ретінде қолданылады. Предикаттың валенттілігі сол предикат ретіндегі сөздің лексикалық мағынасына байланысты. Егер предикат бір валентті сөз болса, онда бір орынды сөйлем моделі жасалады. Мысалы: *Күн батты. Кенжекей кешікті. (Ә.Н). Ол арманыш еді. [Тіпті көп армандайтын]. (М.М). Сақан да қырыс. [Сол күні де, ертесіне де жұмысқа шықпай жатып алды]. (Ә.К).*

Ал егер предикат екі не үш валентті сөз болса, екі не үш орынды сөйлем модельдері жасалады. Мысалы: *Мен Рысқұлдың жемтік жемейтінін білемін. (Ш.М). Ұлпан мақтау қағазды ұзын столды айнала отырған би-болыстарға берді. (F.M).*

Сөйтіп, предикаттың семантикалық валенттілігі ұғымы жай сөйлемнің модельдерін мағыналық талдау үшін негіз болады. Предикаттардың түрлі типтері бөлінеді және осымен байланысты пропозицияның да түрлі типтері болады. Предикат пен оның аргументтері сөйлем мағынасын модельдеуде мағыналық бөлшектер арқылы беріледі. Предикаттардың мағыналық бөлшектерінің не аргументтерінің қызметін сипаттауда түрлі еңбектерде түрліше терминологиялық атаулар қолданылады. Кейде бір автордың әр еңбегінде мағыналық бөлшектердің саны мен атауы өзгеріп отырады. Мұның себебі сөйлемнің мағынасы - соңғы жылдары қарала бастаған синтаксистік зерттеулердің өте кең, көп қырлы саласы. Сондықтан түрлі терминдер мен ұғымдардың қолданылуы заңды.

Сонымен, сөйлемнің мағыналық құрылысында предикаттың лексикалық мәні басқа мүшелерге қарағанда тәуелсіз, дербес болады. Оның қызметі сөйлемнің басқа мүшелерін сандық жағынан да, сапалық жағынан да белгілеуде және оларды ұйымдастыруда ерекше екенін ғалымдардың қайсысы да мойындайды. Предикат белгілі бір мағыналық бөлшектердің жиынтығымен талданатын мағыналық бөлшектің бір түрі ретінде көрінеді және бір-бірімен бағынышты түрде иерархиялық ұйымдасқан сөйлем моделінің мағыналық құрылысын жасайды.

Предикаттың мағынасының өзіндік ерекшелігі сөйлемнің мағыналық сипатын айқындауда үлкен орын алады. Бірақ сөйлемнің мағыналық түрін айқындауда жалғыз предикаттың мағынасын негізге алу жеткіліксіз. Өйткені кейде басқа мүшелердің лексикалық мәндерінің предикатқа әсері тиіп жатады. Бұған бірдей предикатты, бірақ түрлі аргументті сөйлемдерді салыстырып көз жеткізуге болады. Мысалы: *Қайта шапқан жау жаман. Менің денсаулығым жаман.*

Осы екі сөйлемнің предикаттары бірдей болғанмен, бірінші сөйлем субъектіні қандай да бір сапалық қасиеті бойынша бағалау моделін білдірсе, ал екінші сөйлем субъектінің қалпын, жай-күйін білдіреді.

Сондай-ақ сөйлемнің мағыналық құрылысының өзіндік ерекшелігі мағыналық бөлшектердің құрамымен және жиынтығымен анықталып қана қоймайды, сонымен бірге олардың қатынасымен, өзара байланысымен де анықталады. Сол себепті сөйлемнің мағыналық құрылысын анықтау үшін оның бөлшектерінің мағыналық сапасын анықтау жеткіліксіз, сондай-ақ олардың арасындағы мағыналық қатынастардың сипатын да анықтау қажет. Өйткені «кез келген синтаксистік құрылыс элементтерінің өзара байланысымен ғана сипатталып қоймайды, сондай-ақ ол байланыстардың сипатымен де айқындалады», — деп жазады Г.Золотова [8].

Сондай-ақ сөйлемнің мағыналық түрін көрсету үшін синтаксистік құрылыстың жалпы мағынасын да ескеру маңызды. Себебі сөйлемнің жалпы мағынасы сөйлемнің жалпыланған ақпараттық мәнін көрсетеді.

Сонымен, сөйлемнің құрылымдық-мағыналық модельдері мынадай критерийлер негізінде айқындалады.

1. Предикаттардың мағыналық түрлері негізінде.
2. Мағыналық бөлшектер мен олардың арасындағы қатынастардың сипаты арқылы бейнеленетін мағыналық бөлшектердің құрылысының өзіндік ерекшелігі негізінде.
3. Сөйлемнің жалпы мағынасы негізінде.
4. Сөйлемнің негізін (ядросын) кеңейтуші мағыналық бөлшектердің өзіндік ерекшеліктері негізінде.

Қорытынды. Мақалада сөйлем моделі, құрылымдық модель, мағыналық модель, олардың қалыптасуы, белгіленуі, мағыналық компоненттер, сөйлем моделінің жалпы

мағынасы сияқты жай сөйлемді модельдеуге байланысты теориялық мәселелер баяндалды. Кіші және кеңейтілген құрылымдық модель ұғымдары, олардың бір-бірінен өзіндік ерекшеліктері анықталды. Кіші құрылымдық модельді кеңейтуші қосымша міндетті мағыналық бөлшектер талданып, мысалдар арқылы дәлелденді. Сөйлем моделінің негізгі мағыналық бөлшегі етістік-предикаттың валенттілік мәселесіне көңіл аударылды. Жай сөйлемнің предикативтік негізін құрайтын бастауыш пен баяндауыштың өзара қатынасы сипатталды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Черемисина, М. О теоретических вопросах модельного описания предложения [Текст] / М.Черемисина. // Предложения в языках Сибири – 1989 – С.3-18
- 2 Москальская, О.И. Проблемы системного описания синтаксиса [Текст] / О.И.Москальская – Москва: ВШ, 1994. – 156 с.
- 3 Закиев, М.З. Синтаксический строй татарского языка [Текст] / М.З. Закиев – Казань, 1993. – 40 с.
- 4 Мусаев, К.М. Строй караимского языка [Текст] / К.М. Мусаев – Баку: АДД., 1998.
- 5 Балақаев, М. Қазіргі қазақ тілі [Текст] / М.Балақаев – Алматы, 1992. – 245 б.
- 6 Баскаков, Н.А. Простое предложение в каракалпакском языке [Текст] / Н.А. Баскаков – Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Синтаксис. Т.3., Москва: 1991.– 114 с.
- 7 Арутюнова, Н. Синтаксис [Текст] / Н. Арутюнова – Общее языкознание. Внутренняя структура языка М: 1992. – 564 с.
- 8 Золотова, Г. Очерки функционального синтаксического русского языка [Текст] / Г. Золотова – М.: 1993. – 352 с.

REFERENCES

- 1 Cheremisina, M. O teoreticheskikh voprosakh model'nogo opisaniya predlozheniya [Model description of sentence: Theoretical issues]. Novosibirsk: Predlozheniya v yazykakh Sibiri, (1989): s.3-18 – (In Rus)
- 2 Moskal'skaya, O.I. Problemy sistemnogo opisaniya sintaksisa [Problems of the system description of syntax]. Moskva: VSh, (1994): 156 s. – (In Rus)
- 3 Zakiev, M.Z. Sintaksicheskii stroi tatarskogo yazyka [The structure of the Karaite language]. Kazan', (1993): 40 s. – (In Rus)
- 4 Musaev, K.M. Stroi karaimskogo yazyka [The structure of the Karaite language]. Baku: ADD., (1998) – (In Rus)
- 5 Balakaev, M. Kazirgi kazakh tili [The modern Kazakh language]. Almaty, (1992): 245 b. – (In Kaz)
- 6 Baskakov, N.A. Prostoe predlozhenie v karakalpakskom yazyke [A simple sentence in the Karakalpak language]. Issledovaniya po sravnitel'noi grammatike tyurkskikh yazykov. Sintaksis. T.3. Moskva, (1991): 114 s. – (In Rus)
- 7 Arutyunova, N. Sintaksis [Tekst]. Obshchee yazykoznanie. Vnutrennyaya struktura yazyka. M., (1992): 564 s. – (In Rus)
- 8 Zolotova, G. Ocherki funktsional'nogo sintaksicheskogo russkogo yazyka [Essay on the functional syntax of the Russian language]. M., (1993): 352 s. – (In Rus)

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ВОПРОСЫ МОДЕЛИРОВАНИЯ ПРЕДЛОЖЕНИЯ

Аннотация. Статья посвящена теоретическим проблемам моделирования предложений. Наряду с этим дается обзор исследованию семантической стороны

предложения в русской и тюркской лингвистике, описывается структурно-семантическая модель и семантические компоненты предложения. В языкознании термин «структурно-семантическая модель простого предложения» рассматривается в несколько этапов. Для системного исследования структуры и семантики простого предложения в казахском языке модель простого предложения рассматривается в два этапа. В начале анализируются семантические особенности модели простых предложений, состоящих из субъекта и предиката.

В статье представлена модель простых предложений в казахском языке, которые делится на минимальные и расширенные структурные модели и описаны их особенности. Двухкомпонентные глагольные предложения, относящиеся к минимальной структурной модели, по содержанию делятся на двухкомпонентные предложения с полным содержанием и неполным содержанием. Их структурно-семантические особенности представлены конкретными примерами в виде формулы латинскими буквами. Наряду с этим представлен материал о пополнении минимальной структурной модели простого предложения обязательными компонентами и их значимости. Далее рассматривается семантические компоненты модели предложения, такие как предикат, субъект, объект и их роль в определении содержания предложения.

Ключевые слова. Предложения, семантика предложения, модель предложения, структурная модель, структурно-семантическая модель, структурные элементы предложения, семантические элементы предложения, предикат, субъект, объект.

THEORETICAL ISSUES OF SENTENCE MODELING

Abstract. The article is dedicated to theoretical issues in sentence modeling. At the same time, it gives an overview of the study of the semantic side of the sentence in Russian and Turkic linguistics, describes the structural-semantic model and semantic components of the sentence. In linguistics the term “structural-semantic model of a simple sentence” is considered in several stages. For the systematic study of the structure and semantics of a simple sentence in the Kazakh language, the model of a simple sentence is considered in two stages. First, the semantic features of the model of simple sentences consisting of the subject and predicate are analyzed.

The article presents a model of simple sentences in the Kazakh language, which is divided into minimal and extended structural models and describes their features. Two-component verb sentences referring to the minimum structural model are divided into two-component sentences with full content and incomplete content. Their structural and semantic features are presented with concrete examples in the form of a formula in Latin letters. At the same time, the material on the addition of mandatory components and their significance to the minimum structural model of simple supply is presented. Furthermore, the semantic components of the sentence model are discussed, such as predicate, subject, object, and their roles in determining the content of the sentence.

Key words. Sentence, sentence semantics, sentence model, structural model, structural-semantic model, structural elements of the sentence, semantic elements of the sentence, predicate, subject, object.